

Педагогикалық кеңестер

2022-2023 оқу жылы

1.09.2022.

Хаттама №1

«ГауһарТас» балабақшасында 1.09.2022.ж күні кезекті педагогикалық кеңес өтілді.

Қатысқандар: 10

Қатыспағаны-0

Балабақша меңгерушісі: -Айтуған Ж

Тәрбиешілер:

Психолог.

Күн тәртібінде:

1.Жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстыру.

2.Жазғы сауықтыру жұмыстарының қортындысы туралы.

2022-2023 оқу жылына жаңа міндеттер қабылдау.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерімен жас мүмкіндіктеріне сәйкес білім,білік дағдыларын ,рухани –адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.Бала өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру.

Талқылау сұрақтары:

1.Мектепке дейінгі тәрбие негізінде жаңадан стандарт жасалды. Биылғы оқу жылының өзгешелігі туралы.

2.Баламен жұмыс жасаудағы педагогтың іс әрекетін дамыту үшін қажетті –заттық дамытушы орта талаптары туралы.№70 бұйрықтың жаңартылғандығы туралы.

3.2022-2023 оқу жылына перспективалық жоспар жасау №412 бұйрықтағы әрбір жас топтарының дағдылары негізінде жасалады.жоспарды жаңа міндеттерді таныстыру,бекіту және жаңа стандартқа сай өзгерістер енгізу толықтыру.

4.Циклограмма жасау туралы түсініктеме беру..

Тындалды:Сөйледі Меңгеруші Ж.Айтуған педагог қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтап табыс тіледі. Сонымен бірге алдағы жұмыс жоспарларға тоқталды.

Әдіскер Жубаева К оқу жылымен құттықтап табыс тіледі.

Биылғы оқу жылындағы өзгерістер туралы таныстырды.Перспективалық жоспар туралы № 412 бұйрықтағы , яғни бағдарлама негізінде әр айға сәйкес перспективалық жоспар жасалды.

Циклограмма толтыру тәрбиешінің шығармашылық құжаты, яғни әр тәрбиеші өзі балаға қалай қызықты іс әрекет өткізу туралы өзі міндеттерге қарай отырып циклограмма құрады. Барлық міндет бағдарламадағы міндеттерге сай жасалады. Тақырыптың болуы міндетті емес.

Тәрбиеші мына 3 құжатты дайындауы тиіс:

1.Перспективалық жоспар

2.Циклограмма

3.Балалардың дамуын айқындайтын мониторинг.

Мектепке дейінгі ұйымдағы бағдарламаға сай әр топтың міндеттерін тәрбиеші өзіне шығарып алу арқылы циклограмма құрастырып, көрнекіліктері мен ойындарын алдын ала дайындап алады.

Интеграция дегеніміз –кіріктірілген деген сөз.

Ашық сабақ деген биылғы оқу жылында болмайтындығы туралы, ашық есік күндерін жылына 1 рет қана ашық есік күндерін ұйымдастыруға болады. Оған арнайы дайындалудың қажеті жоқ. Сол күнге не жоспарланды, соны көрсетуге болады.

Биылғы оқу жылының тағы бір ерекшелігі ұйымдастырылған іс әрекет кестесі болмайды. Барлық іс-әрекеттер күнде өтіледі. Тек музыка мен дене шынықтыру ғана кестеге сай өтіледі,ол оқу жоспарында көрсетілген.

Бұрынғы білім саласы енді дағдыға ауыстырылды.Ұйымдастырылған оқу қызметі енді ұйымдастырылған іс әрекет деп өзгертілді.

Вариативтік компонент туралы стандарт негіз болады. Әр балабақша өзінің дамытушы орталықтарына сай үлгілік оқу бағдарламасы негізінде үлгілік оқу жоспарымен байланыстырып вариативтік компонент жасап, әдістемелік кабинетке көрсетіп бекіте отыра, пед кеңесте қарап бекітіп, жұмыс жасайды. Бұйрықпен бекітіледі.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді.

1.2022-2023 оқу жылында жылдық жоспар жаңа міндеттер және жаңа стандартқа сай өзгерістер енгізілсін.

2.Үлгілік оқу бағдарламасындағы әр жас топтарының міндеттері және стандартқа сәйкес перспективалық жоспар құрастыру және соған сәйкес циклограмма жазу.

5.Балабақшадағы тәрбие жұмыстарының жүргізілуі әдіскер К.Жубаеваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Айтуған Жазира.

Хатшы:

Утепова.Айшагүл

30.11.2022

Хаттама №2

«ГауһарТас» балабақшасында 30.11.2022.ж күні кезекті педагогикалық кеңес өтілді.

Қатысқандар:-10

Қатыспағаны-0

Күн тәртібінде: 1.Таным дағдысы бойынша ұйымдастырылған іс-ірекеттерді кіріктіре отыра ойын арқылы өткізу

2.Нейро жаттығулардың маңыздылығы туралы

3.Математика ұйымдастырылған іс-ірекетіне қатысу және талдау

4. Дамытушы орталықтағы ойындар

5.Педагогикалық кеңестің қорытындысы.

Мектепке дейінгі балалық шақта ойын әрекетімен қатар, біліктер мен дағдыларды игеру процесі ғана емес, сондай-ақ ізденіс ретінде баланың білімді өзі немесе ересек адамның басшылығымен алуына, олардың дамуына ықал ететін танымдық әрекет зор маңызға ие болады.Бұл әрекет ерте балалық кезеңде қалыптасады, алғашқыда балалар барлығын дәм сезу анализаторлары арқылы тексеріп, заттар мен қарапайым эксперимент жасайды. Мектепке дейінгі ересек жаста танымдық зерттеу әрекеті балалардың заттармен эксперимент жүргізуінен көрінеді.

Іздену –эксперименттік жұмысты іске асыру үшін заттық дамытушы білім беру орта қажет. Заттық орта балаға оның өмірге келген алғашқы сәтінен бастап әсер етеді. Қойылатын ортаға негізгі талаптар.дамыту құралы ретінде белсенді балалардың өзіндік дамуын қамтамасыз ету, балалардың жасына сәйкес экологиялық бұрышты шағын зертхана материалдарын жабдықтарға және жүргізілген тәжірибелер саны үнемі толықтырылып отырады.

Таным дағдысы бойынша Утепова Айша ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.

Тақырыбы: «Сиқырлы пішіндер».Тақырып бойынша тәрбиеші пішіндерді өзара салыстыру, көзбен көру, қолмен ұстау арқылы айырмашылықтарын көрсете білді.

Үйі барысын талқылаған тәрбиеші Утепова Айшаның ашық ұйымдастырылған іс-әрекет барысы туралы әңгімеледі. Үйі құрылысы жақсы, негізгі бөлімде балалардың ойын әрекеттері жақсы ұйымдастырылған.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Таным дағдылары бойынша математика негізі үйі барысында тақырыпты ашатын ойындарды көбірек алу.

Жиналыс төрайымы:  Айтұған Ж

Хатшы:  Утепова А

19.01.2023

Хаттама №3

«ГауһарТас» балабақшасында 19.01.2023.ж күні кезекті педагогикалық кеңес өтілді.

Қатысқандар:-10

Қатыспағаны-0

Күн тәртібінде: 1. Коммуникативтік дағды бойынша ұйымдастырылған іс-ірекеттерді кіріктіре отыра ойын арқылы өткізу

2.Сюжетті рольді ойындар бұрышы жабдықтарын толықтыру.

3.Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша панорамалық көрсетілім, талдау.

4. Дидактикалық ойындар картотекасы, түрлі атрибуттар.

5.Педагогикалық кеңестің қорытындысы.

Коммуникативтік дағдысы бойынша Жубанова Жанат сөйлеуді дамытудан ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.

Тақырыбы: «Ата-баба салтымен өсер ұрпақ баласы».

Мақсаты: Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, қонақ кәде сұрау, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрін үйрете отыра үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киімдерімен таныстыру.

Іс әрекет барысында Жубанова Жанат жыл мезгілі наурыз туралы бейнебаян көрсетті. Бұл жерде қазақ халқының тұрмыстық заттары, салт-дәстүрлері туралы айтылды. Таңғажайып сәтке ата келді. Алынған ойындар: 1.Менің сүйікті тақиям; 2.Әдемі торсық; 3.Ғажайып киіз үй; 4. Асық ойыны

Балабақша меңгерушісі Айтуған Жазира ұйымдастырылу барысы туралы әңгімелеп, өте жақсы деңгейде өткендігін атап айтты.

Ұйымдастырылу барысын талқылаған тәрбиеші Ескермес Жансая ашық ұйымдастырылған іс-әрекет барысы туралы әңгімеледі. Ұйымдастырылу қорытындысы жақсы, негізгі бөлімде балалардың ойын әрекеттері жақсы ұйымдастырылған, өте жақсы деп бағалайтынын айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Коммуникативтік дағды бойынша сөйлеуді дамыту ұйымдастырылу өте жақсы деп бағалынсын..

Жиналыс төрайымы:  Айтуған Ж

Хатшы:  Утепова А

13.03.2023

Хаттама №4

«ГауһарТас» балабақшасында 13.03.2023.ж күні кезекті педагогикалық кеңес өтілді.

Қатысқандар:-10

Қатыспағаны-0

Күн тәртібінде: 1. Тақырыбы: «Педагог нені білуі тиіс».

2.Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын тыңдау.

3.Аттестация ережесімен таныстыру.

4. Аттестаттаудан өтетін педагогтардың ашық көрсетілімдері

5. «Педагог портфолиосы»

6 .Педагогикалық кеңестің қорытындысы.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Айтуған Жазира бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеп жалпы педагогтың қандай болуы керектігі туралы айтты. Яғни, балаларға жылы қабақ таныту, мейірімді, кешірімді болу, жетістіктеріне қуана білу, қолдау көрсету, жеке басына құрмет көрсету. Оның ұлтына, әлеуметтік статусына, психо-физиологиялық және басқада ерекшеліктеріне қарамастан барлығына бірдей көңіл бөлу және әділ болу.

Әдіскер Жұбаева Кенжегул педагог перспективалық жоспар және циклограмманы құрастырады. Баланың жеке даму картасын толтырады, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді. Балалардың білімдері мен дағдыларының даму мониторингін жүргізеді, ата-аналармен ығпалдастықты жүзеге асырады, күн режимінің әрбір сәтіне жауапты.

Балабақша меңгерушісі Айтуған Жазира педагогтерді аттестация ережесімен таныстырып өтті.

Аттестациядан өтетін педагогтердің ашық көрсетілімдері туралы.


1.Утепова Айшагуль өте жақсы.


2.Жүгініс гүлжайна өте жақсы

3.Ескермес Жансая жақсы. Ұсыныс: баланың тілін дамытатын ойындарды нақтылап алу.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Педагогтар нені білу туралы түсінік алды, әрі қарай сол қағиданы басшылыққа ала отыра жұмыс жасау.
2. Аттестаттаудан өтетін педагогтардың ашық көрсетілімдері өте жақсы деп бағалансын.
3. Педагогтарға портфолиосын жинақтау тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:  Айтуған Ж

Хатшы:  Утепова А

22.05.2023

Хаттама №5

«ГайһарТас» балабақшасында 22.05.2023.ж күні кезекті педагогикалық кеңес өтілді.

Қатысқандар:-10

Қатыспағаны-0

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылының қорытындылары». Мақсаты: балабақшаның тәрбие мен оқыту жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу.

1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалысы туралы қорытынды.

2.Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг II жарты жылдық бойынша педагогтардың есебі.

3 .Педагогикалық кеңестің қорытындысы.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Айтуған Жазира бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеп биылғы 2022-2023 оқу жылы біздің балабақша үшін жақсы, табысты жыл болды. 2023 жылдың ақпан айында аудандық семинар өткіздік. Оған ауданымыздағы 26 балабақшадан педагог мамандар келіп қатысты. Семинарда ұйымдастырылған іс-әрекет, психологиялық тренинг өткізіліп, өте жақсы деңгейде бағаланып аудандық білім бөлімінің алғыс хатымен марапатталдық.

Әдіскер Жұбаева Кенжегул бұл семинарға педагогтардың өте жақсы деңгейде дайындалғандығын айта келе, алдағы жұмыстарына шығармашылық табыс тіледі.

Топ тәрбиешілері өз топтарының үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша мониторинг жасады. Өз есептерін тапсырды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. 2022-2023 оқу жылы табысты деңгейде өтті. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторингі 100 пайызды құрады.

Жиналыс төрайымы:  Айтуған Ж

Хатшы:  Утепова А